

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ МЕН ІШІ АРНАУЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚИЯМЕТІ

2012 10 01


№ 113546-1910 А.К.

11.01 2012

СВИДОТЕЛЬСТВО № 113546-1910 А.К.

СОНӘБИИ 120140005984

«Проблемалық кредиттер қоры»
 акционерлік қоғамы
 жалғыз Акционерінің
 30 шілдедегі 2014 ж. № 6 шешімімен
 бекітілген



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ МЕН ІШІ АРНАУЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚИЯМЕТІ

2014 15 08

281

15 08 2014

**«Проблемалық кредиттер қоры»
 Акционерлік қоғамының
 ЖАРҒЫСЫ**

Алматы қ., 2014 жыл

КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ
 СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Проблемалық кредиттер қоры» Акционерлік қоғамы (әрі қарай - Қоғам) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 30 наурыз 1995 жылғы «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», 13 мамыр 2003 жылғы «Акционерлік қоғамдар туралы» заңдарға сәйкес, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 30 мамыр 2011 жылғы № 53 « «Проблемалық кредиттер қоры» акционерлік қоғамын құру туралы» қаулысының негізінде құрылған.

2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 13 мамыр 2003 жылғы «Акционерлік қоғамдар туралы» (әрі қарай – АҚ туралы заң), 01 наурыз 2011 жылғы «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарға, сонымен қатар Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, Қоғамның ішкі қызметін реттейтін осы Жарғыға, құжаттарға, Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының, олардың уәкілеттіктерінің шегінде белгіленген тәртіпте қабылданған шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

3. Осы жарғы (әрі қарай – Жарғы), Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының, олардың уәкілеттіктерінің шегінде белгіленген тәртіпте қабылданған шешімдерімен реттелмеген сұрақтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

4. Қоғам коммерциялық ұйым болып табылады.

5. Қоғам әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

6. Қоғамның дербес теңгерімі, банктік шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық атауын көрсетумен мөрі бар.

7. Қоғамның өзінің атауымен бланктері және оның қызметін жүзеге асыру үшін қажет басқа реқизиттері бар.

8. Қоғамның әрекет ету мерзімі – 15 жылдан аспайтын.

2. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ ЖӘНЕ АКЦИОНЕРІ

9. Қоғамның жалғыз құрылтайшысы және акционері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (әрі қарай – Акционер) болып табылады.

3. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСУ ОРНЫ

10. Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде:

«Проблемалық кредиттер қоры» Акционерлік қоғамы;

орыс тілінде:

Акционерное общество «Фонд проблемных кредитов»;

ағылшын тілінде:

Joint - stock company « Fund of Problem Loans ».

Қоғамның қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «ПКК» АҚ;

орыс тілінде: АО «ФПК»;

ағылшын тілінде: JSC «FPL».

11. Қоғамның атқарушы органының орналасу орны: 050000, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Әйтеке би к., 67.

ғаламтор-ресурсы: www.fpl.kz

4. ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИЯЛАРЫ

12. Қоғамның негізгі мақсаты «жұмыс істемейтін» зайымдардың деңгейлерінің мақсаттық көрсеткіштерін (2016 жылға 10% аспайтын), соның ішінде ұлттық валютада ұзақ мерзімді шартталған қаржыландыруды ұсыну арқылы қол жеткізу және банктік жүйеде қарыз қоржының сапасын жақсарту бойынша стратегиялық тапсырманы орындау мақсатында «жұмыс істемейтін» зайымдардан теңгерімді «тазарту» процессінде банктерге атсалысуды жүзеге асыру болып табылады.

13. Қоғамның негізгі функциялары және қызмет түрлері келесілер болып табылады:

1) жарғылық капиталды қалыптастыру үшін акциялар шығару, сонымен қатар өзінің қызметін қаржыландыру үшін облигацияларды шығару;

2) өздерінің орналастырылған акцияларын және облигацияларын төлеп алу;

3) күмәнді және үмітсіз активтерді, соның ішінде күмәнді және үмітсіз заңды тұлғаларға талаптар құқығын және оларға талаптар басқа құқықтарды бағалау;

4) екінші деңгейлі банктердің төлеп алынған активтерін басқару;

5) банктерден, Қоғаммен, онымен екінші деңгейлі банктердің несиелік қоржынының сапасын жақсарту бойынша іс-шаралар жүргізу нәтижесінде белгіленетін, төлеп алу үшін өлшемдерге сәйкес келетін күмәнді және үмітсіз активтерді төлеп алу;

6) Қоғамның, онымен екінші деңгейлі банктердің несиелік қоржынының сапасын жақсарту бойынша іс-шаралар жүргізу нәтижесінде теңгеріміндегі активтерді жүзеге асыру;

7) акцияларды және (немесе) оларға талап ету құқығы Қоғаммен екінші деңгейлі банктерден сатылып алынған заңды тұлғалардың жарғылық капиталында қатысу үлестерін бағалау;

8) акцияларды және (немесе) оларға талап ету құқығы Қоғаммен екінші деңгейлі банктерден сатылып алынған заңды тұлғалардың жарғылық капиталында қатысу үлестерін сатып алу;

9) акцияларды және (немесе) оларға талап ету құқығы Қоғаммен екінші деңгейлі банктерден сатылып алынған заңды тұлғалардың жарғылық капиталында қатысу үлестерін жүзеге асыру;

10) акцияларды және (немесе) Қоғаммен олардан күмәнді және үмітсіз активтер бойынша талап ету құқығы сатылып алынған, екінші деңгейлі

банктермен шығарылған және орналастырылған облигацияларды бағалау;

11) акцияларды және (немесе) Қоғаммен олардан күмәнді және үмітсіз активтер бойынша талап ету құқығы сатылып алынған, екінші деңгейлі банктермен шығарылған және орналастырылған облигацияларды сатып алу;

12) акцияларды және (немесе) Қоғаммен олардан күмәнді және үмітсіз активтер бойынша талап ету құқығы сатылып алынған, екінші деңгейлі банктермен шығарылған және орналастырылған облигацияларды жүзеге асыру;

13) жалға беру немесе Қоғаммен сатып алынған заңды тұлғаларға талап ету құқықтар бойынша алынған мүлікпен ақылы уақытша пайдаланудың басқа нысанын пайдалану;

14) ақшаны бағалы қағаздарға, сонымен қатар банктік шот және банктік салым шарты шарттарында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және екінші деңгейлі банктерде орналастыру;

15) талап ету құқықтарын және Қоғаммен сатылып алынған күмәнді және үмітсіз басқа активтерді секьюритизация бойынша операциялар;

16) заңды тұлғаларға сатып алынған талап ету құқықтардың және басқа да күмәнді және үмітсіз активтердің құнын бағалау, сеніммен басқару, қайта құрылымдау және калпына келтіру (жоғарылату) бойынша екінші деңгейлі банктердің, басқа қаржы ұйымдарының, кәсіби сарапшылардың және халықаралық аудиторлардың және аудиторлық ұйымдардың қызметтерін сатып алу;

17) екінші деңгейлі банктердің активтерін төлеп алу және аталған активтермен басқарумен байланысты басқа функциялар және қызмет түрлері.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте алу қажет лицензияның және рұқсаттың басқа түрінің болуын талап ететін қызмет түрлері тек сәйкес лицензияны немесе рұқсаттың басқа түрлерін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

5. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ

14. Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.

15. Барлық мүдделі тұлғалар Жарғымен танысуға құқылы.

6. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

16. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген барлық құқықтарына ие және барлық міндеттерді көтереді.

17. Қоғам Акционердің мүлкінен окшауланған мүлікке ие және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өзінің мүлкі шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік көтереді.

18. Акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, оған тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғамның қызметімен байланысты шығын тәуекелін көтереді.

19. Қоғам өзінің атынан мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар) жасай алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттер сатып ала

алады, сотта талапкер немесе жауапкер бола алады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жүзеге асыра алады.

20. Қоғам белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан банктерде және басқа да қаржы мекемелерінде ұлттық және шет ел валютасында шоттар ашуға құқылы.

21. Қоғам бухгалтерлік, салықтық және статистикалық есеп жүргізеді, Акционерге және сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға қызметтің барлық түрлері бойынша және белгіленген мерзімде бекітілген нысанда қаржылай және басқа есепті толтырады және ұсынады. Қоғам Акционерге ұсынылған ақпараттың толықтығы мен дәйектілігі үшін жауапкершілік көтереді.

22. Қоғам, оның ішкі қызметімен байланысты құжаттарды өңдейді және бейтөледі.

23. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте, Қоғам, оның орналасу жерінен тыс орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және Қоғамның атынан және тапсырмасы бойынша олар туралы ереже негізінде филиалдар мен өкілдіктер құруға және жабуға, өзінің мүлкі есебінен оларға негізгі және айналым қаражаттарын бөліп беруге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың қызметінің тәртібін белгілеуге құқылы.

24. Филиалдар мен өкілдіктердің қызметіне басшылықты (ондайлар болған кезде) Қоғамның атқарушы органымен тағайындалатын тұлғалар жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Қоғаммен берілген сенімхат негізінде әрекет етеді.

25. Қоғам, қазақстан республикасының заңнамасымен және Жарғымен көзделген басқа да құқықтарға ие және басқа міндеттер көтере алады.

7. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ

26. Қоғамның мүлкі қоғамның қызметін қамтамасыз ету үшін тағайындалған және оған меншік құқығында тиесілі.

27. Қоғамның мүлкі Акционермен Қоғамның акцияларын төлеуге енгізілген ақша және басқа мүлік есебінен, өзінің қызметінің нәтижесінде алынған кірістерден, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа түсімдерден қалыптастырылады және олардың құндары Қоғамның жеке теңгерімінде бейнеленетін негізгі қаражаттарды, ақшаны, қорды және басқа мүлікті құрайды.

8. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРЫ

28. Қоғам облигациялар және қарапайым акциялар ғана шығаруға құқылы.

29. Қарапайым акция Акционерге, оның қарауына енгізілетін барлық мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқық береді. Қарапайым акция сондай-ақ Акционерге Қоғамның, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте оны жою кезінде мүлкінің бөлігін алуға құқық береді.

30. Қоғамның акцияларын шығару құжатсыз нысанда жүзеге асырылады.

31. Қоғам өзінің акцияларын оларды шығаруды мемлекеттік тіркегеннен кейін орналастырады.

32. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесін қалыптастыру, жүргізу және сақтау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның тіркеушісімен жүзеге асырылады.

9. ТАЗА КІРІСТІ БӨЛУ ТӘРТІБІ

33. Қоғамның таза кірісі (салықтарды және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Акционердің шешімімен белгіленген тәртіпте бөлінеді, оның ішінде дивидендтер төлеуге. Қалған бөлігі Қоғамды дамытуға немесе Акционердің шешімімен көзделген басқа мақсаттарға жұмсалады.

10. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

34. Қоғамның органдары мыналар болып табылады:

- 1) жоғарғы органы - Акционер;
- 2) басқару органы – директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы органы – Басқарма.

11. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИОНЕРІ

35. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер, осындай шешімдерді қабылдауға құқығы бар, Акционердің лауазымды тұлғасымен белгіленген тәртіпте қабылданады.

36. Қазақстан Республикасының заңнамасымен Акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған Акционердің қарауына енгізілетін мәселелерді дайындау Қоғамның Басқармасымен, жою процессінде – Қоғамның жою комиссиясымен жүзеге асырылады.

37. Қазақстан Республикасының заңнамасымен Акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған Акционердің қарауына мәселелерді шығару директорлар кеңесімен бастамаланады, не болмаса Акционермен өз бетінше қабылданады, ал өз еркімен жойылу процессінде сондай-ақ Қоғамның жою комиссиясымен бастамалана алады.

38. Қазақстан Республикасының заңнамасымен мәселелерді Акционердің қарауына міндетті шығару жағдайлары көзделуі мүмкін.

39. Акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар, аталған мәселелер бойынша негізді шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпаратты қамтуға тиіс.

40. Қоғамның органдарын таңдау мәселелері бойынша материалдар ұсынылып отырған үміткерлер туралы келесі ақпаратты қамтуға тиіс:

- 1) тегі, аты, сонымен қатар қалауы бойынша – әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәлімет;
- 3) Қоғамға қосылуы туралы мәлімет;
- 4) соңғы үш жылға жұмыс орындары және атқарған лауазымы туралы

мәліметтер;

5) үміткерлердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын басқа ақпарат.

41. Акционердің карауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар қаржы жылының аяқталуы бойынша келесіні қамтуға тиіс:

1) Қоғамның жылдық қаржылай есептілігі;

2) жылдық қаржылай есептілікке аудиторлық есеп;

3) Акционердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне жолданулары және оларды қарау нәтижелері туралы ақпарат;

4) Акционердің карауына, оның құзыретіне жатқызылған мәселелерді шығарудың бастаушысының карауы бойынша басқа құжаттар.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен Акционердің айрықша құзыреттілігіне жатқызылған мәселелер бойынша материалдар Қоғамның Басқармасының орналасу орны бойынша Акционерге танысу үшін жиналыс өткізу күніне дейін он күннен кешіктірмей дайын және қол жетімді, ал Акционердің сұрау салуы болған кезде – оған сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жолдануға тиіс.

Акционердің шешімдері Қоғаммен оның атқарушы органының орналасу орны бойынша сақталуға және Акционерге танысу үшін кез-келген уақытта ұсынылуы тиіс.

42. Қоғам Акционері:

1) АҚ туралы Заңмен және (немесе) Жарғымен көзделген тәртіпте Қоғаммен басқаруға қатысуға;

2) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде қоғамның қаржылай және басқа есептілігімен танысуға;

3) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушысынан бағалы қағаздарға оның меншік құқығын растайтын үзінділер алуға;

4) Сот тәртібінде Қоғам органдарымен қабылданған шешімдерді даулауға;

5) АҚ туралы Заңмен көзделген жағдайларда, Қоғамға келтірілген шығындарды Қоғамның лауазымды тұлғаларымен Қоғамға қайтару туралы және Қоғамға Қоғамның лауазымды тұлғаларымен және (немесе) олардың үлестес тұлғаларымен, олар ірі мәмілелерді және (немесе) оны жасасуда мүдделік бар мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (кірісті) қайтару туралы талаппен сот органдарына өзінің атынан жолдануға;

6) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салумен жолдануға және сұрау салу қоғамға түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде немесе сұрау салуда белгіленген мерзімде дәлелді жауаптар алуға;

7) Директорлар Кеңесі мәжілісін шақыруды талап етуге;

8) Аудиторлық ұйыммен өз есебінен Қоғамның аудитін жүргізуді талап етуге;

9) Қоғамды жойған жағдайда мүлкінің бөлігіне;

10) Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, АҚ туралы Заңмен белгіленген тәртіпте акцияларды басымдықпен сатып алуға;

11) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін, соның ішінде Акционердің аудитінің ішкі қызметінің күшімен тексеруді жүзеге асыруға құқылы.

43. Акционер:

1) Қоғамның акцияларын төлеуге;

2) Қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын басқа құпияны құрайтын Қоғам және оның қызметі туралы мәліметтерді жарияламауға;

3) он күн ішінде қоғамның тіркеушісін және осы акционерге тиесілі акцияның номиналды ұстаушысын қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабардар етуге;

4) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

12. АКЦИОНЕРДІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ

44. Акционердің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Жарғыға өзгерістер мен қосымшалар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) бірлескен басқару кодексін, сонымен қатар оған өзгерістер мен қосымшаларды бекіту;

3) Қоғамды өз еркімен қайта құру немесе жою;

4) Қоғамның жарияланған акциялары көлемін ұлғайту туралы шешім қабылдау немесе Қоғамның жарияланған орпналастырылмаған акциясының түрін өзгерту;

5) директорлар кеңесінің уәкілеттілігінің мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін таңдау және олардың құзыреттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне, олардың өздерінің міндеттерін атқарғандары үшін сыйақылар төлеу және залалды өтеу көлемі мен шарттарын анықтау;

6) Қоғам аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымды және аудиторлық ұйымның қызметін төлеу көлемін анықтау;

7) Қоғамның жылдық қаржылай есептілігін бекіту;

8) Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивиденттерді төлемеу туралы шешім қабылдау;

9) Қоғамға тиесілі барлық активтерден жиырма бес және одан да көп пайызды құрайтын сомада активтер бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуда, құруда немесе қызметінде Қоғамның қатысуы туралы шешімді қабылдау;

10) акцияның, оны Қоғаммен төлеп алу кезінде құнын анықтау әдістемесін және АҚ туралы Заңға сәйкес оған өзгерістерді бекіту;

11) Қоғамның есептілік қаржылық жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивиденттерді төлеу туралы шешім қабылдау және дивиденд көлемін Қоғамның бір қарапайым акциясына есебінен бекіту;

12) Акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін

анықтау, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;

13) Қоғамның акциясын төлеуге берілген, не болмаса ірі мәміленің заты болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушыны анықтау;

14) Қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

15) «алтын акцияны» енгізу және жою;

16) Қоғамның акциясын өз еркімен дилистингтеу туралы шешім қабылдау;

17) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау, сонымен қатар олардың өзгеруінің шарттары мен тәртібін анықтау;

18) олар бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Жарғымен Акционердің айрықша құзыреттілігіне жатқызылған басқа мәселелер.

45. Егер Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен басқаша көзделмесе, олар бойынша шешім қабылдау Акционердің айрықша құзыреттілігіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының және жұмысшыларының құзыреттіліктеріне беруге жол берілмейді.

46. Акционер, Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез-келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

Акционер өзінің шешімдерін жазбаша түрде рәсімдейді.

47. Акционер, қажет болған жағдайда, Қоғамның және оның органдарының қызметіне қатысты, соның ішінде директорлар Кеңесінің және/немесе Қоғам Басқармасының құзыреттілігіне кіретін кез-келген мәселе бойынша, Қоғамның көрсетілген органдарымен сәйкес шешім қабылдау үшін қажетті кворумның жоқ болғанында шешім қабылдауға құқылы.

13. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

48. АҚ туралы Заңмен, Жарғымен Акционердің айрықша құзыреттілігіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, директорлар Кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің шешімдері Жарғымен, Қоғамның ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қабылданады.

49. Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелерінің саны үш адамнан кем емес болуы керек. Қоғамның директорлар Кеңесінің құрамынан отыз пайызынан кем емесі тәуелсіз директорлар болулары керек.

50. Ең маңызды мәселелерді қарау және директорлар Кеңесіне ұсынуға дайындау үшін Қоғамда директорлар Кеңесінің комитеттері құрылады.

Директорлар Кеңесінің Комитеттері келесі мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген басқа мәселелер.

Осы тармақта атап өтілген мәселелерді қарау директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыреттілігіне жатқызылуы мүмкін.

Директорлар Кеңесінің комитеттері директорлар Кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс жасау үшін қажет кәсіби білімі бар сарапшылардан құралады. Директорлар Кеңесі комитетін директорлар Кеңесінің мүшесі басқарады. Функцияларына осы тармақтың 1) – 4)-тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кіретін директорлар Кеңесінің комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Атқарушы органның басшысы директорлар Кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар Кеңесі комитеттерін қалыптастыру және жұмысы тәртібі, олардың саны, сонымен қатар сандық құрамы директорлар Кеңесімен бекітілген Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

51. Қоғамның директорлар Кеңесінің айрықша құзыреттілігіне келесі мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің және Қоғамның даму стратегиясының басым бағыттарын анықтау;

2) Қоғаммен орналастырылған акцияларды және басқа бағалы қағаздарды төлеп алу және оларды төлеп алу бағасы туралы шешімді қабылдау;

3) орналастыру (жүзеге асыру), соның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (жүзеге асырылатын) акцияның саны туралы, оларды орналастыру (жүзеге асыру) әдісі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) қоғамның жылдық қаржылай есептілігін алдын ала бекіту;

5) Қоғамның есеп саясатын бекіту;

6) Қоғамның алдын ала Ұлттық Банкпен келісілген бизнес-жоспарын бекіту, Қоғамның бұрын бекітілген бизнес-жоспарына, қаржылай жоспардың және/немесе капиталды шығындар жоспарының жалпы сомасын ұлғайту немесе азайту бөлігінде өзгерістер мен қосымшалар енгізу;

7) Қоғамның даму жоспарын бекіту, бұрын бекітілген даму жоспарына және оны орындау бойынша есептерге өзгерістер мен қосымшалар енгізу;

8) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның Басқармасымен Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды қоспағанда), соның ішінде Қоғамның бағалы қағаздарына жазылысты және аукционын жүргізудің шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;

9) Қоғамның филиалдарын және өкілдіктерін құру, жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережені бекіту;

10) Қоғам немесе қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын, оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

11) Қоғамның міндеттемелерін, оның жеке өзінің капиталының көлемінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

12) Қоғамның, соның ішінде оның филиалдары мен өкілдіктерінің құрылымын бекіту және штаттық санын белгілеу;

13) Қоғамның жұмысшыларының лауазымдық қызметінің

сұлбасын және (немесе) ауқымын бекіту;

14) Басқарма мүшелерінің сандық құрамын, уәкілеттік мерзімін анықтау, сонымен қатар Акционермен алдын ала келісу бойынша оның басшысын және мүшелерін таңдау, олардың уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

15) Қоғамның жұмысшыларының, Төрағаның және Басқарма мүшелерінің, сонымен қатар Қоғамның ішкі аудит қызметінің жұмысшыларының және корпоративтік хатшысының еңбек ақысын төлеу және сыйлық ақы беру тәртібін анықтау;

16) Қоғамның Басқарма Төрағасының және мүшелерінің, сонымен қатар ішкі аудит қызметінің жұмысшыларының (ондай болған жағдайда) корпоративтік хатшының лауазымдық қызметақысының көлемін және сыйлық ақы көлемін белгілеу;

17) ішкі аудит қызметін құру туралы шешім қабылдау, ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, уәкілеттілік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сонымен қатар олардың уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмысының тәртібін анықтау;

18) корпоративтік хатшыны тағайындау, уәкілеттілік мерзімін анықтау, оның уәкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;

19) Қоғамның директорлар Кеңесінің комитеттері туралы ережені бекіту;

20) ірі мәмілелерді және жасалынуында Қоғаммен мүдделік бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

21) екінші деңгейлі банктерден күмәнді және үмітсіз активтерді төлеп алу және оларды кейіннен жүзеге асыру бойынша мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;

22) Қоғаммен басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталында қатысу үлесін) он және одан да көп пайыздарын сатып алу туралы шешім қабылдау;

23) заңды тұлғаның, оның акциясының (жарғылық капиталында қатысу үлесін) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі, акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызметінің мәселелері бойынша шешім қабылдау;

24) Қоғамның акциясын төлеуге берілген не болмаса ірі мәміленің заты болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметін төлеу көлемін анықтау;

25) Заңмен және (немесе) Жарғымен көзделген, Акционердің айрықша құзыреттілігіне жатпайтын басқа мәселелер.

52. Директорлар Кеңесі, Жарғыға сәйкес Қоғамның Басқармасының құзыреттілігіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сонымен қатар Акционердің шешімдеріне қарама-қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

53. Директорлар Кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар және Акционердің деңгейінде мүдделердің ықтимал дауларды, соның ішінде Қоғамның меншігін құқыққа сай емес қолдануды және мүдделік бар мәмілелерді жасасу кезінде асыра пайдалануды шамасы келгенше бақылауға және жоюға;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылау жүзеге асыруға тиіс.

54. Директорлар Кеңесінде қабылданған Қоғамның шешімдері және актілері, оларды қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде міндетті түрде Акционерге жеткізіледі.

55. Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелері келесілердің қатарынан таңдалады:

1) Акционердің мүдделерін білдірушілер ретінде директорлар Кеңесіне таңдауға ұсынылған тұлғалар;

2) Қоғамның Акционері болып табылмайтын және Акционердің өкілі ретінде директорлар Кеңесіне таңдалуға ұсынылмаған жеке тұлғалар.

56. Басқарма мүшелері, оның басшысынан басқасы, директорлар Кеңесінің құрамына таңдала алмайды. Басқарманың төрағасы директорлар Кеңесінің төрағасы болып таңдала алмайды.

Директорлар Кеңесіне таңдалатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен белгіленеді.

Келесі тұлға директорлар Кеңесінің мүшесі болып таңдала алмайды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе жойылмаған соттылығы бар;

2) бұрын, белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп жою немесе акцияларын мәжбүрлеп төлеп алу, немесе тоқтатып қою туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын аралықта басқа заңды тұлғаның директорлар Кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас есепші болып табылған. Көрсетілген талап белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп жою немесе акцияларын мәжбүрлеп төлеп алу, немесе тоқтатып қою туралы шешім қабылдаған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

57. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше көзделмеген болса, директорлар Кеңесіне таңдалған тұлғалар шектелмеген рет қайта таңдала (қайта тағайындала) алады.

Директорлар Кеңесінің уәкілеттігінің мерзімі Акционермен белгіленеді.

Директорлар Кеңесінің уәкілеттігінің мерзімі Акционердің директорлар Кеңесінің жаңа құрамын таңдау туралы шешім қабылдауы кезінде аяқталады.

Акционер директорлар Кеңесінің барлық немесе бөлек мүшелерінің уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Акционер директорлар Кеңесінің уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату оның бастамасы бойынша директорлар Кеңесін жазбаша ескертудің негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар Кеңесінің осындай мүшесінің уәкілеттігі директорлар Кеңесімен көрсетілген ескертуді алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар Кеңесінің мүшесінің уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатылуы және Акционермен директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін таңдау (тағайындау) жағдайында, соңғының уәкілеттігі толығымен директорлар Кеңесінің уәкілеттігінің мерзімі аяқталған кезде бір уақытта аяқталады.

58. Директорлар Кеңесінің төрағасы оның мүшелерінің қатарынан кұпия дауыс берумен директорлар Кеңесінің мүшелерінің жалпы санының

көпшілік даусымен таңдалады.

Директорлар Кеңесі Төрағаны кез-келген уақытта қайта таңдауға құқылы.

Директорлар Кеңесінің төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен белгіленген тәртіпте:

- 1) Қоғамның директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Қоғамның директорлар Кеңесінің мәжілісін шақырады және оларда төрағалық етеді;
- 3) отырыстарда хаттама жүргізуді ұйымдастырады;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен көзделген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Директорлар Кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын директорлар кеңесінің шешімі бойынша директорлар кеңесінің мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

59. Директорлар Кеңесінің мәжілісі оның төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша немесе келесілердің талаптары бойынша шақырыла алады:

- 1) директорлар Кеңесінің кез-келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғам аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымның;
- 4) Акционердің.

60. Директорлар Кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талап директорлар Кеңесінің төрағасына, директорлар Кеңесінің мәжілісінің ұсынылып отырған күн тәртібін қамтитын сәйкес жазбаша хабарлама жолдау көмегімен беріледі.

Директорлар Кеңесінің төрағасы отырыс шақырудан бас тартуы жағдайында бастаушы көрсетілген талаппен, директорлар Кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті Басқармаға жолдануға құқылы.

Директорлар кеңесінің мәжілісі директорлар кеңесінің Төрағасымен немесе Басқармамен шақыру туралы талап келіп-түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей шақырылуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мәжілісі, көрсетілген талапты берген тұлғаны міндетті түрде шақырумен жүргізіледі.

61. Директорлар Кеңесінің мүшелеріне директорлар Кеңесінің мәжілісін өткізу туралы ескертуді жолдау тәртібі директорлар Кеңесімен анықталады.

Директорлар Кеңесінің мүшелерінің директорлар Кеңесінің мәжілісінде қатысулары бейнеконференция (интерактивтік дыбыс-бейне байланыс), конференц-байланыс («телефон арқылы кеңесу» режимінде директорлар кеңесінің мүшелерінің бірауқытта сөйлесуі) көмегімен, сонымен қатар басқа байланыс құралдарын пайдалану көмегімен жүзеге асырыла алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі директорлар Кеңесінің мәжілісінде оның қатысуының мүмкін еместігі туралы Басқарманы алдын ала ескертуге міндетті. Директорлар Кеңесінің мәжілісінде қатыспаған директорлар Кеңесінің мәжілісінің күн тәртібінің мәселелері бойынша жазбаша хабарлама көмегімен дауыс беруге құқылы.

Бұл ретте күн тәртібі бойынша мұндай жазбаша хабарлама келесілерді

камтуға тиіс:

- 1) толтыру күнін;
- 2) жазбаша хабарлама жолдаудың көмегімен директорлар кеңесінің мүшесінің пікірі білдіріліп жатқан күн тәртібін;
- 3) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша айқын көрсетілген ұстанымын;
- 4) қолын;
- 5) директорлар Кеңесінің мүшесінің қарауы бойынша, күн тәртібіне жататын басқа мәліметтерді.

Директорлар кеңесінің мүшесімен ұсынылған күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама дауыс берудің кворумын және нәтижесін санау кезінде есепке алынады және отырыс хаттамасына тігіледі, онда директорлар кеңесінің аталған мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жолдау көмегімен дауыс беруі туралы жазба жазылады.

Күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама директорлар кеңесінің мүшесімен директорлар Кеңесінің мәжілісін өткізгенге дейін директорлар кеңесінің төрағасына немесе директорлар кеңесінің хатшысына ұсынылуы тиіс.

Егер, бұрын күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама ұсынған директорлар кеңесінің мүшесі, аралас дауыс беру пайдаланылатын директорлар кеңесінің мәжілісіне қатысу және дауыс беру үшін келген болса, оның жазбаша пікірі ескерілмейді.

62. Директорлар Кеңесінің мәжілісін өткізу үшін кворум директорлар кеңесінің мүшелерінің санынан жартысынан кем еместі құрайды және директорлар кеңесінің жоқ мүшелерін есепке алумен анықталуы мүмкін (жазбаша түрде бейнеленген олардың дауыстарының болғаны кезінде).

63. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы бар. Егер АҚ туралы Заңмен өзгеше көзделмесе, қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесі мүшелерінің мәжілісіне қатысушылардың жай басым даусымен қабылданады.

Дауыстар тең түскен кезде директорлар Кеңесінің Төрағасының немесе директорлар Кеңесінің мәжілісінде төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі, онда тек қана директорлар Кеңесінің мүшелері қатыса алатын өзінің жабық мәжілісін өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

64. Қоғамның директорлар кеңесінің Төрағасының қарауы бойынша, оның қарауына шығарылған мәселелер бойынша директорлар кеңесімен шешім қабылдау сырттай дауыс беру көмегімен мүмкін. Бұл ретте мәжілістің күн тәртібінің мәселелері бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер қолданылады.

Сырттай дауыс беру көмегімен шешім белгіленген мерзімдерде алынған бюллетеньдердегі кворумның болуы кезінде қабылданды деп танылады. Директорлар Кеңесінің сырттай мәжілісінің шешімі жазбаша түрде рәсімделген және хатшымен және директорлар кеңесінің Төрағасымен қол қойылған болуға, сонымен қатар келесіні камтуға тиіс:

- 1) Қоғамның Басқармасының атауы және орналасу орны;
- 2) сырттай мәжілістің шешімін жазбаша рәсімдеудің күні және орны;

- 3) директорлар Кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 4) мәжілісті шақыруды жүзеге асырған тұлғаның (органның) нұсқауы;
- 5) мәжілістің күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның бары/жоғы туралы жазба;
- 7) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс берудің нәтижесі және қабылданған шешім;
- 8) басқа да мәліметтер.

Шешімді рәсімдеген күннен бастап жиырма күн ішінде ол директорлар кеңесінің мүшелеріне, олардың негізінде аталған шешім қабылданған, бюллетеньдерді тіркеумен жолдануға тиіс.

65. Директорлар Кеңесінің, оның күндізгі тәртібінде өткізілген мәжілісінде қабылданған шешімдері, мәжілісте төрағалық еткен тұлғамен және директорлар Кеңесінің хатшысымен мәжілісті өткізген күннен бастап үш күн ішінде толтырылуы және қол қойылуы тиіс хаттамамен рәсімделеді және келесіні қамтиды:

- 1) Қоғамның Басқармасының толық атауы және орналасу орны;
- 2) мәжілісті өткізудің күні, уақыты және орны;
- 3) мәжіліске қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) мәжілістің күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және директорлар Кеңесінің мәжілісінің күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беруінің нәтижесін бейнелеумен олар бойынша дауыс берудің нәтижесі;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) директорлар Кеңесінің мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жолдау көмегімен дауыс беруі туралы жазба (осындай жазбаша хабарлама болған жағдайда);
- 8) директорлар Кеңесінің шешімі бойынша басқа мәліметтер.

Директорлар Кеңесінің мәжілісінің хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған директорлар кеңесінің шешімдері, сонымен қатар қолдармен бюллетеньдер Қоғамның мұрағатында сақталады.

66. Корпоративтік хатшы директорлар Кеңесінің мүшесінің талабы бойынша оған директорлар Кеңесінің мәжілісінің хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін ұсынуға және (немесе) оның қолымен және Қоғамның сәйкес мөрінің мөртаңбасымен куәландырылған хаттаманың және шешімдердің үзінділерін беруге міндетті.

14. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

67. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты алқалы атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады, ол Қоғам қызметінің, Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыреттігіне жатқызылмаған мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды, соның ішінде:

- 1) Акционердің және қоғамның директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады, Қоғамның мақсаттары мен тапсырмаларына қол жеткізуге бағытталған шешімдер қабылдайды;

2) Қоғамның қызметінің басым және болашағы бар жоспарлары бойынша ұсыныстар дайындайды және директорлар Кеңесінің қарауына ұсынады;

3) директорлар Кеңесіне Қоғамның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді, олардың жұмысын үйлестіреді және бағыттайды;

4) Қоғамның есеп саясатын әзірлеуді және директорлар кеңесіне бекітуге ұсынуды қамтамасыз етеді;

5) Қоғамның қаржылай жағдайына және тәуекелмен басқарудың тиімділігіне бақылау жүзеге асырады;

6) Қоғамның шарттық міндеттемелерді, Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарын сақтауды бақылайды;

7) ішкі аудит қызметін құру жағдайында ішкі аудит қызметінің аудиторлық есебін әрбір тексерудің нәтижесі бойынша талдайды және директорлар Кеңесіне анықталған кемшіліктерді жою бойынша сәйкес шараларды қабылдау бойынша ұсыныс береді;

8) тәуелсіз аудиторлық ұйымдардың қорытындысы негізінде Қоғамның есепке алу жүйесін және есептілігін жақсартуды жүргізеді;

9) Қоғамның ішкі еңбек тәртібін анықтайды;

10) Қоғамдағы тиіс уәждемені және еңбек тәртібін қамтамасыз етеді;

11) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді, сонымен қатар Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

12) есеп жылы ағымындағы құрылымдық бөлімшелердің жетекшілерінің қызметін бағалау тәртібін реттейтін ішкі құжаттарды бекітеді;

